

4 Тарау. БАНКТІК ТӘУЕКЕЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖІКТЕЛУІ

4.1 Банктік тәуекелдің мәні

Нарық құралымы және нарықтық инфрақұрылымның, жаңа механизмнің, шаруашылық байланыстың орнауы және кәсіпкерліктің пен бәсекенің дамуының қағидасының жаңа тетіктерінің, республиканың егемендігінің көтерілуі экономикалық тәуекел қағидасының (теориясының) зерттелуін қалайды, шаруашылықтың барлық сатысында реттеліп, сарапталуы тиіс: республикалық, аймақтық, жергілікті, сондай-ақ оның түрі мен пішініне қарамастан шаруашылық бірліктерінің барлық деңгейінде қарастырылуы керек.

Осы мәселенің шешілуінде басты рөл банктік жүйеге қарайды. Бұл мемлекеттік экономиканың тұрақсыздығы мен нарықтық қатынастардың даму жағдайындағы несиелік және банктік қатынастар рөлінің өсуімен анықталады. Банк тек нарық капиталын, бағалы қағаз, валюта нарығын құрылымдап қоймай, тауар биржасы мен жаңа шаруашылық құрылымдардың шығуына, пайда болуына негіз болады, сондай-ақ банктер кәсіпкерлік пен мекемелердің қаржылық жағдайы, тауарлық және валюталық нарық конъюктурасы, аймақтың экономикалық жағдайы туралы құнды мәліметтерді иеленеді. Соңғы жағдай өзінің клиентінің банктегі сыртқы және ішкі, коммерциялық және саяси тәуекелі туралы байқап, терең қарастыруды айғақтайды.

Нарықтық қатынастардағы коммерциялық банк жұмысындағы басты ұстаным үлкен пайда табу болып табылады. Ол шығындар әкелу ықтималдығымен шектеледі.

Кез келген шаруашылық қызметте қаражат жоғалту қаупі, яғни шығынға бату қаупі тұрады, бұл сол аталған не болмаса өзге шаруашылық операцияларынан шығады. Мұндай шығынның қаупі қаржылық тәуекелмен байланысты екені белгілі.

Тәуекел – ол кез келген өндірушінің қызметінің ситуациялық мінездемесі. Соның ішінде банк, ол белгісіздікті және сәтсіздік жағдайында жағымсыз жағдай орын алу мүмкіндігін сипаттайды.

4.2 Банктік тәуекелдің пайда болу себептері

Тәуекел мынадай жағымсыз нәтижелермен сипатталады: табыстың жоғалуы және кредиттік төлемнің жүзеге аспау шығынының болуы, қор базасының қысқаруы, баланстық операцияларға төлемнің шығуы. Бірақ сол уақытта неғұрлым тәуекел деңгейі төмен болса, соғұрлым жоғарғы табыс алу ықтималдығы (мүмкіндігі) төмен болады. сол

себеппен, бір жағынан алғанда, кез келген кәсіпкер ең төменгі шекті (минимум) тәуекел деңгейін ұстауға тырысады және алдында тұрған бірнеше баламалы шешімдердің ең төменгі тәуекелін таңдайды, ал басқа бір жағынан қарағанда, қызмет дәрежесі, іскерлік белсенділік, табыс табу мен тәуекел деңгейінің ұйқасқан жағдайын, яғни үйлесімді арақатынасты таңдауды қажет етеді.

Тәуекелдің деңгейі ауқымданады, егер:

Мәселелер аякасты туса және қарсы болжамдар жағдайында;

Банктің өткен, бұрынғы ескі тәжірибесіне сай келмейтін жаңа міндеттердің құрылу жағдайында (айрықша атап өтетін жайт, біздің шарттарымызда, коммерциялық банктің институты енді ғана дами бастаса);

Басшылық қажетті және жедел шараларды қабылдай алмайтын күйде болуы, бұл қаржылық шығынға (қажетті және қосымша табыс алу мүмкіндігінің азаюы) әкеледі;

Банктің қызметінің бар тәртібі немесе заңнаманың жетілмеуі нақты ситуациялық шаралардың қабылдануына кедергі келтіреді.

Тәуекелге банктік операцияның түгелге жуық көріністері душар. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның коммерциялық банктерінің тәуекелін саралай келе, мына жағдайларды ескеру қажет:

- өндірістің құлдырауымен ғана сипатталып қоймай, көптеген мекемелердің қаржылық тұрақсыздығы, сондай-ақ шаруашылық байланыс қатарларының жойылуымен сипатталатын экономиканың дағдарыс жағдайы;

- банктік жүйесі құралымының бітпегендігі, яғни аяқталмауы;

- кейбір негізгі заңнамалық актінің жетілмеуі немесе болмауы, базаның және шынайы жағдайдың арасында қайшылық;

- инфляцияны да ескеру қажет;

Айтылмыш жай-жапсарлар банктік тәуекелге және оның зерттелу әдісінің құрамына байыпты өзгерістер енгізеді. Алайда бұл тәуекелдің пайда болуы мен оның деңгейінің серпінділік үрдісінің (тенденция динамики) арасындағы ортақ мәселесінің бар болуын тізімнен шығармайды.

Тәуекелділік ақиқат деректердің, жағдайлардың ауып кетуінен пайда болады, сондай-ақ бүгінгі күйдің, жағдайдың және келешек дамудың сарапшылығынан, яғни бағалауынан пайда болады. Осы ауытқулар жағымды және теріс болады.

Тәуекел - бұл күрделі, жүйелі көрініс, оның көптеген дәл түсулер де бар, ал анда-санда кереғар тұстары да бар. Тәуекел түрліше түсіндіріледі:

Ықтимал қауіптің немесе сәтсіздіктің шарасы.

Қателесудің немесе сәттіліктің ықтималдығы жағдайындағы сол немесе басқа шешімді қабылдау альтернативті, яғни баламалы шешімдер. Тәуекелдің бұл түсінігі сол немесе өзге маңызды нұсқасымен сипатталу мазмұнын құрайды.

Теорияға (қағидаға) сәйкес, тәуекелге мыналар тән:

- белгісіздік;
- баламаның біреуін таңдау қажеттігі;
- Баламаның пайда болу мүмкіндігін бағалау

Көрсетілген элементтер ситуациялық тәуекел жағдайында белгілі бір шешім қабылдайтын нақты бір тұлғаның қызметімен байланысты екенін айғайтайды.

Тағайынды тәуекелдің жағдайында көрсетілген элементтер анықтайды, не тәуекел нақты беттің қызметімен тоқулы беки -. Сәйкесінше, тәуекел шешім қабылдау және оны жүзеге асыру стадияларында (баспаларында) өмір сүреді.

4.3 Тәуекелдің мінездік сипаттары

Тәуекел мынадай сипаттармен сипатталады: қайшылық, альтернативтілік, белгісіздік.

Қайшылық келесідей көрсетіледі. Бір жағынан тәуекел жағымды нәтиженің алынуына бағытталған. Басқа жағынан, ол субъективизм және объективті дүниелерді елемуге әкеледі.

Альтернативтілік екі жағдайдың, екі әрекеттің, екі мүмкіндіктің, екі нұсқаның біреуін ғана таңдауға негізделеді. Егер таңдау болмаса, онда тәуекел де болмайды. Альтернативтілік күрделіліктің әр түрлі дәрежесіне ие болады.

Белгісіздік – бұл ең алдымен тиянақтылықтың сауатсыздығы, бізмәнділіктің болмағандығының белгісі.

Тәуекелдің екі тұжырымдамасы бар - субъективті және объективті. Объективті тұжырымдама бойынша, тәуекел белгісіз, беймәлім жағдайдан шығады, оның нақты болу яки болмауы белгісіз жайт. Субъективті тұжырымдама бойынша, тәуекел - сол есеппен қауіптілікті негіздеу нұсқасының таңдауы. Қауіптіліктің арты жағымсыз жағдайларға, апаттарға әкеліп соғуы мүмкін.

Демек, табыс алу мүмкіндігі егер тәуекелділіктің, шығындардың болу ықтималдығын алдын ала қарастырып, оны сақтандырған жағдайда ғана болады екен.

Сол себептен коммерциялық банктің қызметінде экономикалық тәуекелділіктің мәселелеріне айрықша көңіл бөлінуі тиіс.

Олардың негізгісіне банк тәуекелінің, негізгі баға мен экономикалық, саяси есеп классификацияның зерттемесі жатады және банктің басқа да тәуекелділігі, жеке қарыз алушы, кәсіпорын, сала топ.

4.4 Банк тәуекелін басқару

Банк тәуекелін реттеудің негізгі міндеті бұл банк активтері мен пассивтерін басқару үрдісі кезінде қауіпсіздік және өтімділік көрсеткіштерінің кіріспен тиімді қатынаста болуын қамтамасыз ету, яғни банк шығындарын минимизациялау.

Банктегі тәуекел деңгейін тиімді басқару бірқатар мәселелерді шешуі тиіс: тәуекелді анықтаудан (мониторинг) оның құнын анықтауға дейін. Қандай да бір оқиғаға байланысты тәуекел деңгейі банкті қоршаған сыртқы ортаның динамикалық сипаты салдарынан үнемі өзгеріп отырады. Бұл банкті нарықтағы өз орнын үнемі анықтауға қандай да бір оқиғаның тәуекел деңгейін бағалауға, тұтынушылармен қарым қатынасын қайта қарастыруға және өздерінің активтері мен пассивтерінің сипатын бағалауға мәжбүрлейді, яғни тәуекелді басқару саласында өз саясаттарын үнемі түзетіп отырады.

Банктегі тәуекелді басқару үрдісі келесі мәселелерді қамтиды: тәуекелді болжау, мүмкін тәуекелдің мөлшері мен салдарын анықтау, тәуекелге байланысты туындайтын шығындардың алдын алу немесе минимизациялау бағытындағы іс шараларды жүзеге асыру.

Бұның барлығы әр банктің өзіндік тәуекелді басқару стратегиясын жобалауын талап етеді, яғни шешімді қабылдау саясатының негізінде банкті дамытудың барлық мүмкіндіктерін уақытылы және бір ізді пайдалану және сонымен бір уақытта тәуекелді басқарылатын тұрақты деңгейде ұстап тұру міндетін қамтиды.

Тәуекелді басқару стратегиясының мақсаты мен міндеттері ең алдымен банк жұмыс істейтін тұрақсыз экономикалық сыртқы ортамен анықталады. Банк оңтайлы бағалай алатын және тиімді түрде басқаратын тәуекелдерді таңдай білуі тиіс. қандай да бір тәуекелге баруға шешім қабылдай отырып, банк оны басқаруға және бақылауға дайын болуы тиіс, бұл тиісті үрдістерді сапалы бағалау дағдыларын талап етеді.

Банк тәуекелін басқарудың негізгі ұстанымдары ретінде келесілері қабылдануы тиіс:

- Мүмкін шығын көздері мен жағдайларын болжау және оларды сандық тұрғыдан бағалау;
- Тәуекелді қаржыландыру, оның азаюына экономикалық жағдай жасау;

- Басқарушылар мен қызметкерлердің тәуекелді басқару механизмдері мен саясатында жауапкершілігі мен міндеттерін айқындау;

- Банктің барлық бөлімшелері мен қызметтерінде тәуекелді басқарудың реттелетін жүйесі, тәуекелді басқару үрдісінің тиімділігін бақылау.

Тәуекелді басқару үрдісінің ең маңызды соңғы кезеңі: тәуекелді пайда болуының алдын алу (жол бермеу) немесе минимизациясы. Тиісті тәсілдер тәуекелдің орнын толтыру тәсілдерімен бірге тәуекелді реттеудің негізін құрайды.

4.5 Банктік тәуекелдердің жіктелуі

Банктік тәуекелдер жіктелуінің негізіне жататын ең маңызды элементтер:

1. Коммерциялық банктің түрі
2. Клиенттер құрамы
3. Банктік тәуекелдердің пайда болуы немесе әсер ету сферасы
4. Тәуекелді санаудың әдісі
5. Банктік тәуекелдердің дәрежесі
6. Тәуекелдерді уақыт бойынша үлестіру
7. Тәуекелді есептеу мінез-құлқы
8. Банктік тәуекелдерді басқару мүмкіндігі

Тәуекелдер уақыты бойынша өткенді шолатын (ретроспективті), ағымдық және перспективті (келешекті) болып бөлінеді. Ретроспективті тәуекелдерді талдау, олардың мінез-құлқы және төмендеуі ағымдық және перспективті тәуекелдерді дәлірек болжауға мүмкіндік береді.

Банктік тәуекелдерді дәрежесіне (деңгейіне) қарай төмен, бірқалыпты және толық деп бөлуге болады.

Банктер өзінің қызмет ету үдерісінде тәуекелдердің – өзара пайда болу орнына байланысты ерекшеленетін, сыртқы және ішкі факторлардың жиынтығына, олардың деңгейіне байланысты, талдау тәсіліне және сипаттау әдісіне байланысты түрлі жиынтығына жолығады. Оған қоса, тәуекелдердің барлық түрлері өзара байланысқан және банктердің қызметіне ықпал етеді. Тәуекелдің бір түрінің өзгерісі басқа тәуекелдердің барлық дерлік түрлерінің өзгерісіне алып келеді. Бұның бәрі сайып келгенде, нақты тәуекел деңгейін талдау әдісін таңдауды және оңтайландыру шешімін қабылдауды қиындатады, басқа да көптеген тәуекел факторларының тереңдетілген талдауына әкеп соғады. Сондықтан олардың деңгейін талдаудың нақты әдісін таңдау, оңтайлы факторларды іріктеу өте маңызды болып табылады.

Банктік тәуекелдер жіктелуінің жоғарыда көрсетілген элементтері аса маңызды және көрсетілу қағидатымен өзінің сипаттамасы бар. Әрбір элементті жеке қарастырсақ.

Банктік тәуекел түрі. Маманданған, салалық, әмбебап коммерциялық банктерде тәуекелдердің түрлі жиынтығы кездеседі, егер бұл инновациялық банк болса, онда жоғарғы тәуекел жаңа технологияларды несиелеумен байланысты болады. Салалық банк – холдингтік банктер нақты сала кәсіпорындарының құнды қағаздарымен операциялар жасағанда тәуекелге жолығады. Әмбебап коммерциялық банктер өзінің түрлі операцияларынан кез келген тәуекелге тап болады, бірақ өз шығындарын басқадай кірістер арқылы жабуға үлкен мүмкіндікке ие.

Клиентте құрамы және тәуекелдің пайда болуы. Қарыз алушылар тарапынан шағын және ірі несиелер банктік тәуекелге әрқалай әсер етеді. Шағын қарызгерлер көбінесе экономикадағы кездейсоқтыққа тәуелді немесе ірі несиелер бір немесе бір сала, аймақ, елдің қарызгерлер тобына, өтімділікке, банкке несие қайтаруға жоғары әсер бере алады. Банктің менеджментінде олардың несиеқабілеттілігін анықтау, өз клиенттерінің қаржылық тұрақтылығын бақылау маңызды қызмет болып табылады. Қарыздың бір (топ) қарызгерге шаққандағы көрсеткіші банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен пруденциялық нормативіне жатады.

Банктік тәуекелдердің пайда болуы және әсер ету сферасы. Тәуекелдің пайда болу сферасы үшке бөлінеді: ел (елдің) тәуекелі; банктің өз қаржылық сенімділігінің тәуекелі (капитал жеткіліксіздігі, өтімділіктің баланстанбауы, міндетті резервтердің жеткіліксіздігі); түрлі операциялар тәуекел – бұл төлемеушілік, қайтарымсыздық тәуекелі, банк кепілдігінің тәуекелі.

Банктік тәуекелді санаудың әдісі бойынша. Бірқатар елдерде Орталық банктермен нарықтық экономика жағдайында коммерциялық банктер үшін өтімділік нормативтері дайындалуда және бекітілуде. Тәуекелді санау әдістері кешенді (банктік тәуекел мөлшерін бағалау мен болжауда барлық өтімділік нормативтерін сақтау), жеке тәуекел жеке немесе банктік операциялар тобының тәуекел коэффициенті шкаласын жасауға негізделеді.

Тәуекелді өлшеу дәрежесі. Банктік тәуекелдер дәрежесі берілген операциядан банк құралдарының жоғалтуына әкелу шындығымен сипатталады және пайызбен немесе нақты коэффициенттермен көрсетіледі. Актив топтарының барлық топтарына тәуекел дәрежесін түсіретін түзету коэффициенттері тағайындалады. Кепіл беру мүмкіндігіне қарай дәл сол тәуекелде әр түрлі тәуекелді өлшеу дәрежесі болуы мүмкін.

Тәуекел және есеп операциясының сипаттамасы. Бұл баланстық және баланстан тыс операциялар бойынша тәуекелдер.

Банктік тәуекелдерді басқару мүмкіндіктері. Мұнда тәуекелдер ашық – мүлдем реттеуге келмейтін және жабық – ол бойынша шектелулер қойылады, реттеледі.

Қорыта келгенде, банкте тәуекелдердің барлық түрлеріне бағалау, пайда болу себептері және барлық тәуекелдер жиынтықтарын басқару мүмкіндігі жүйесі жасалу керектігін банктік тәуекелдер жіктелуін негізге ала отырып айтуға болады. Банктік тәуекелдердің экономикалық жіктелуі банк қызметінде өз мәнінде алуан түрлі болып келеді.

4.6 Банктік тәуекелдердің негізгі түрлері

Банктік тәуекелдер алуан түрлі және байқалуы, пайда болу сферасы банктің түріне және операцияларына, клиенттер құрамына байланысты ажыратылады. Оларды әр түрлі жолдар арқылы оқып білу өте маңызды болып табылады.

Ерікті банктік операциялар тәуекелдеріне несиелік, пайыздық, валюталық, портфельдік тәуекелдер және жоғалған қаржылық пайда тәуекелдерін жатқызады.

Несиелік тәуекел – кредиторға тиесілі негізгі қарыз бен пайызды қарызгерлердің төлемеу қаупі.

Пайыздық тәуекел – несиелік мекемелер, инвестициялық қорлардың пайыздық мөлшерлемесінің асып кетуімен байланысты коммерциялық банктердің жоғалту қаупі.

Валюталық тәуекел – сыртқы экономикалық, несиелік және басқа да валюталық операциялар жасағанда шетел валютасының басқа валютаға шаққандағы және ұлттық валюта бағамының өзгерісіне байланысты валюталық жоғалтуларды айтады.

Портфельдік тәуекел – нарықта бағалы қағаздарды жоғалту мүмкіндігі.

Мүмкін болған пайданы жіберіп алу тәуекелі – бұл қандай да бір іс-шара немесе шаруашылық қызметтің жасалынбау нәтижесінен жанама қаржылық шығындар (алынбаған пайда) тәуекелі.

Сонымен қатар, көбіне тәуекел жайында банктің әкімшілік-шаруашылық шығындарының орнын толтыру қабілетсіздігімен байланысты айтады.

Жоғарыда аталған барлық тәуекелдер өзара тығыз байланысты. Несиелік тәуекел банктің төлемқабілетсіздігіне және өтімділік тәуекеліне, сонымен қатар, банктің әкімшілік-шаруашылық шығындарының орнын толтыру қабілетсіздігімен байланысты тәуекелдерге

әкелетіні анық. Пайыздық мөлшерлеме тәуекелі банкке тәуелсіз және фактор есебінде несиелік ресурс нарығындағы конъюктурамен байланысты және табиғатында дербес болып табылады. Бірақ егер банк нарықтағы пайыздық мөлшерлемеге бейімделмесе, ол барлық тәуекелдер тізбегін және несиелік тәуекелді ауырлатып жібере алады.

Банктік тәуекелдерді банктің қызметіне байланысты және банктің қызметіне байланысты емес тәуекелдер деп белгісіне қарай сипаттауға болады.

Банктік тәуекелдер өзара өтімділік тәуекелі және жетістік тәуекелі деп бөлінеді.

Өтімділік тәуекелі банк клиенттерінің жеке қасиеттері мен сенімділігіне тәуелді. Оларға мыналар жатады:

- депозиттік тәуекел
- уақытын ұзарту тәуекелі
- несиелік тәуекел (ссуда және ол бойынша пайыздың қайтарылмауы)

- жаңа жоспарланбаған несиелер тәуекелі

- нарықтық тәуекел

- жаңа қызмет түрлерінің тәуекелі

Жетістік тәуекелі жұмысшылардың кәсіби қабілетіне тәуелді болып келеді. Тәуекелдің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- пайыздық тәуекел
- валюталық тәуекел
- ел тәуекелі
- салалық тәуекел

Несиелік тәуекел – қарызгерлердің негізгі қарызды өтемеуі. Банк кірістің негізгі бөлігін несиелік қызметтен алады, сондықтан әлеуетті кірісті клиенттің ссуда өтемеу ықтималдығына қатынасын есептеу өте маңызды жұмыс болып табылады. Атап өткен жөн: несие бергенде әлеуетті шығындар тәуекелі көрсетілген міндеттемелер мен кепілдемелерге, құптауға (акцептуге), сыртқы сауданы қаржыландыруға, бағалы қағаздармен операцияларға, валюта айырбасына, фьючерстік келісімдерге, айырбастарға (СВОП), опциондарға байланысты.

Әлеуетті несиелік тәуекелдер операцияға және операция кезеңіне байланысты бөлінеді, мысалы келісім жасау кезіндегі «Форвард».

Банктік тәуекелдер негізгі пайда болу факторына байланысты экономикалық және саяси болып бөлінеді. Саяси тәуекелдер – бұл басқа елдерге тауар шығаруға тыйым, ел территориясындағы әскери қозғалыстар сияқты мекеме қызметі нәтижесіне жағымсыз әсер беретін саяси жағдай өзгерісіне шартталған тәуекелдер.

Экономикалық (коммерциялық) тәуекелдер – бұл ел экономикасындағы немесе банктің өз экономикасындағы жағымсыз өзгерістермен шартталған тәуекелдер. Экономикалық тәуекелдің көбірек тараған түріне жеке тәуекелдердің шоғырланған балансталмаған өтімділік тәуекелі жатады (төлем міндеттемесін өз уақытында орындай алмау). Экономикалық тәуекелдер басқалай басқару деңгейінің және нарық конъюктурасының өзгерісімен түсіндіріледі.

Тәуекелдердің бұл негізгі түрлері өзара тығыз байланысты және практикада оларды ажырату аса қиынырақ. Өз кезегінде саяси тәуекел де, экономикалық тәуекел де әсер ету аймағына байланысты сыртқы және ішкі болуы мүмкін.

4.7 Банктің сыртқы тәуекелдері

Коммерциялық сыртқы тәуекелдер валюталық, елдің тәуекелі және апатты жағдайлар тәуекелі (форс-мажорлық жағдайлар) болуы мүмкін.

Елдің тәуекелі ел-клиенттің және/немесе ел-контрагенттің саяси-экономикалық тұрақтылығына, импортер мен экспортерге байланысты жаһандық тәуекелдің болуымен, банк қызметі мен банктік мекеменің (бірікке банк – ББ) интернационалдырумен тікелей байланысқан тәуекелдер. Олар бас лицензиясы бар банктік мекеме мен шетел капиталы қатысуымен құрылған барлық банктерге өзекті болып табылады. Банк басқармасы жіберетін негізгі қателіктер шетел контрагентінің қаржылық тұрақтылығын қате бағалаумен байланысты. Елдің тәуекел деңгейін талдаудың ұсынылатын тәсілдерінің бірі БЕРИ индексі. Ол БЕРИ неміс фирмасымен жарияланып тұрады. Оның көмегімен елдің тәуекел деңгейі ертерек анықталады.

Елдің тәуекелі айырбасталымдылық тәуекелі, трансферт тәуекелі және төлем мораториясына құрылымдалады.

Елдің тәуекел деңгейін талдаудың өзіндік әдістемесін Швейцарияның банктік корпорациясы қолданады. Оның негізгі қағидалары:

- елдің тәуекелін болжау цифрлық мәліметтер мен арақатынастарды оқуға негізделген сандық көрсеткіштермен қатар, мемлекеттік құрылыстың құрылымдық және сапалық сипаттамасын талдауға сүйену керек;

- жоғары тәуекелділік жағдай туралы қорытынды себептер толық түсінікті болу керек. Талдаудың екі түрінің (сапалық және сандық) үйлесімі айқын және нақты болуы керек: барлық кестелер мен сәйке-

стендірулер талдауды жеңілдету мен әсер етуін арттыру үшін қысқартуларды түсіндіру керек.

Валюталық тәуекелдер немесе бағамдық (курстық) шығындар валюта бағамының тербелуі нәтижесіндегі ақшалай шығындар, банктік операциялар нарығын интернационалдандырумен, трансұлттық (біріккен) кәсіпорындар мен банктік мекемелердің құрылуымен және олардың қызметтерін әртараптандырумен байланысты тәуекелдер.

Алғаш валюталық тәуекелдерді басқару әрекеттері қалқымалы бағам енгізілгенде, яғни 70-жылдар басында жасалынды. Өз кезегінде валюталық тәуекелдер келесідей жіктеледі:

а) коммерциялық, яғни қарызгердің өз міндеттемелерінің мүмкінсіздігіне немесе қаламауымен байланысты;

б) айырбасталымдық (конверсиондық), яғни нақты операциялар бойынша валюталық шығындар тәуекелі. Бұл тәуекелдер нақты келісімдер тәуекелдерімен құрылымдалады. Айырбасталымдық тәуекелдерінің ең кең тараған әдістеріне мыналар жатады:

- хеджирлеу, яғни әрбір тәуекелдік келісімге өтемдік валюталық позицияны құру. Басқаша айтқанда, бір валюталық тәуекелді – кіріс немесе шығынды – басқа тәуекелмен өтеу;

- валюталық айырбастар (своп) екіге бөлінеді. Біріншісі параллельді несиелерді толтыруды, яғни екі тарап екі бөлек елде бірдей соммадағы бірдей мерзімдегі және бірдей жабу тәсілімен, бірақ әр түрлі валютадағы несиені еске түсіреді. Екінші нұсқа – қарапайым екі банк арасындағы «спот» мөлшерлемесімен валютаны сату немесе сатып алу келісімі. Айырбастардың параллельді несиелерден айырмашылығы олар пайыз төлеуді қоспайды;

- «мэтчинг» әдісі деп аталатын тәуекелдердің өзара актив және пассив бойынша есебі.

в) трансляциялық (бухгалтерлік) тәуекелдер шетел филиалдары клиенттері, контрагенттерінің «Шығын және кіріс» шотындағы және балансындағы активтер мен пассивтерді асыра бағалаудан туындайды. Өз кезегінде бұл тәуекелдер қайта санау валютасын таңдауға, оның тұрақтылығына және басқа да факторларға байланысты. Трансляциялық валюталық тәуекелдер басқару әдісіне қарай сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Олар стратегияны анықтауда да, банк қызметіндегі және банктік мекемедегі тактикалық бағдарламаларды жасауда қолданылады.

Сыртқы әдістерге сыртқы клиенттер мен контрагенттер, монополиялық құрылымдар арасындағы шетел валютасындағы төлемдерді баюлату немесе жылдамдату жатады; бас банк пен оның филиалдары арасындағы төлемдерді реттеу; жеткізулермен фактураны жасауда аса тұрақты валютаны таңдау.

Стратегиялық тұрғыдан валюталық тәуекелден банктің өзімен қоса, оның клиенттері мен контрагенттерін қорғау белсенді баға саясатымен, сақтандырудың құнымен және түрімен, сақтандыру компаниясының сенімділік дәрежесімен тығыз байланысты.

Сонымен қатар, барлық дерлік ірі банктер активтері мен пассивтерін валюта түрі мен мерзіміне қарай теңестіріп, өздерінің валюталық операцияларының портфельін қалыптастыруға тырысады. Негізінен барлық валюталық тәуекелдерді басқарудың сыртқы әдістері оларды әртараптандыруға бағдарланған. Осы мақсатқа жету үшін көбінесе форвардтық, фьючерстік, опциондық сияқты мерзімдік валюталық операциялар (банкаралық нарықта да, биржаларда да) кеңінен қолданылады. Валюта «спот» (жылдам немесе екі күндік есеппен), «своп» (спот/форвард, әр түрлі банк арасындағы спот) немесе «форвард» (банк пен клиент арасындағы «аутрайт») шарттарымен сатылады.

г) форфетингтеу тәуекелдері форфетер (көбіне банк болып табылады) экспорттердің барлық тәуекелдерін кері қайтара алмайтындай етіп өзіне алғанда туындайды. Бірақ форфетингтеу (коммерциялық тәуекелдерді қайта қаржыландыру әдісі) бірнеше артықшылықтарға ие. Мынадай жолдармен тәуекелдің деңгейі төмендеуі мүмкін:

- мүмкін жағдайлардағы баланстық арақатынастарды жеңілдету;
- болашақ қаржылық тұрақтылықты нығайтуға мүмкіндік беретін өтімділік жағдайын жақсарту (уақытша болса да);
- бұрын сақтандырылған талап етулерді көрсеткенде сөзсіз туындайтын мүмкін қиындықтарды сақтандыру жолымен шығын ықтималдығы мен мүмкіндігінің азаюы;
- пайыздық мөлшерлеменің тербелуімен байланысты тәуекелдердің төмендеуі немесе мүлдем болмауы;
- валютаның бағамдық тербелімдерімен және қарызгердің қаржылық тұрақтылығының өзгеруімен байланысты тәуекел деңгейінің жылдам төмендеуі;
- вексель бойынша ақша тәркілеу несиелік органдарының қызметтерімен және басқа да төлем құжаттарымен байланысты тәуекел мен шығынның болмауы.

Апатты жағдайлар тәуекелі.

Соңғысы, сыртқы тәуекелдерге апатты жағдайлар тәуекелін жатқызады, басқаша форс-мажорлық жағдайлар деп атайды. Олар табиғаттағы апатты оқиғалардың болу-болмауымен және олардың салдарымен, мемлекет тарапынан болатын түрлі шектеулермен байланысты.

Бұл тәуекелдердің банктің мекемеге әсерін шектеу тек қана жағдай өзгергені туралы бір-біріне уақытылы ақпарат беру арқылы мүмкін.

Сыртқы тәуекелдер деңгейін төмендетудің негізгі тәсілдерінің бірі болып банкпен немесе басқа банктік мекемемен жасалатын өз экспорт-импорттық операцияларының оңтайлы нысанын таңдау табылады.

Көбінесе практикада сыртқыэкономикалық операцияларды жасаудың екі негізгі нысаны кездеседі:

а) тікелейге экспорт-импортты, түрлі делдалдар көмегімен немесе еншілес кәсіпорын мен филиал арқылы сыртқыэкономикалық байланыстарды жасауды, инвестициялық операцияларды жатқызуға болады,

б) жанамаға лицензияны сату-сатып алуды, франчайзерлік операцияларды жасауды, техникалық, басқару қызметіне келісім жасауды, жаңа технологияларды немесе «ноу-хау»-ды сатып алуды жатқызуға болады. Бұлар банктердің жоғары валюталық (өз елінде және серіктес елінде), несиелік, портфельдік, елдің тәуекелі жағдайымен өз қызметтерін аймақаралық және сыртқыэкономикалық байланыстарды жасағанда ұсынылады.

4.8 Банктің ішкі тәуекелдері

Ішкі тәуекелдер банктің түрі мен ерекшеліктеріне, қызметінің (операцияларының) сипаттамасына және серіктестерінің (клиенттерінің және контрагенттерінің) құрамына байланысты.

Банк түріне байланысты тәуекелдер.

Банктер және банктік мекемелер мемлекеттік және жеке (мемлекеттік емес) болуы мүмкін. Олар өзара кооперативтік және коммерциялық деп бөлінеді. Коммерциялық банктің үш түрі болады – мамандандырылған, салалық және әмбебап. Олардың әрқайсысында барлық тәуекел түрі кездеседі, бірақ олардың пайда болу жиілігі және ерекшелігі банктік мекеменің түріне байланысты болады.

Банктік операциялар сипаттамасына байланысты тәуекелдер.

Тәуекелдер банктік операциялар сипаттамасына қарай баланстық және баланстан тыс операциялар ерекшеліктеріне байланысты; екеуі де активті және пассивті операциялар тәуекелдеріне жіктеледі.

Пассивті операциялар тәуекелдері

Дәл осы пассивті операциялардың көмегімен банк активті банктік операциялар жүргізу үшін өзінің ресурстарын реттейді. Коммерциялық банктердің пассивті операцияларына меншікті капиталды қалыптастыру (арттыру) кезіндегі пайдадан аударымдарды; өзге заңды тұлғалардан алынған несиелер шамасын; депозиттік операцияларды жатқызады. Пассивті операциялардың тек қана бірінші тобы банктердің меншікті қаражаттарын қалыптастырады. Басқа заңды тұлғалардан банктік сұуда-

ларды алу көбінесе банк балансының өтімділігін жедел реттеу немесе күтілмеген несиелер беру үшін қажет.

Депозиттік операциялар – бұл заңды және/немесе жеке тұлғалардың қаражаттарын талап етілгенге дейінгі немесе белгілі бір мерзімге салымдарға тарту бойынша операциялар. Депозиттер жедел, талап етілгенге дейін жеке тұлғалардың жинақтық салымдары, бағалы қағаздар түрінде болуы мүмкін. Пассивті операциялардың тәуекелдері активті операцияларды ресурстармен қамтамасыз етудегі мүмкін болатын қиындықтармен байланысты. Көбінесе бұл, салымшыны (бір өндіруші, немесе «туыстас компаниялардың» тобы) анықтайтын қызметтің тиімділігімен байланысты. Депозиттерді қалыптастыру бойынша тәуекелді азайту үшін банктерге пассивті және активті операциялар, яғни банкке кәсіпорындардың салымдары мен бір банктермен басқа банктерге орналастырған салымдар арасындағы оңтайлы ара қатынасты сақтау; жедел құралдар сапасының деңгейін арттыру үшін сақтау үшін тартылатын бағалы қағаздардың көлемі мен өтімділігін анықтау; меншікті қаражаттар мен тәуекелді активтердің мақсатты минималды ара қатынасын табу қажет.

Активті операциялар тәуекелдері

Активті операциялар тәуекелдері банктер өз қызметі шегінде үнемі жолығатын пайыздық тәуекелдер аталатын деңгеймен байланысты. Пайыздық тәуекелді басқару активтерді (несиелер мен инвестициялар) және пассивтерді (қарыздық құралдар) басқарудан тұрады.

Активтерді басқару банктің өзінің және оның клиенттерінің бағалы қағаздар портфелінің өтімділік деңгейіне, сонымен қатар бар бәсекелестік (бағалық және бағалық емес) деңгейіне, ал пассивтерді басқару ссудалар беру үшін қаражаттардың болуына тәуелді.

Портфельді тәуекел жеке бағалы қағаздардың типтері бойынша, сонымен қатар ссудалардың барлық категориялары бойынша жоғалту ықтималдықтарының болуында көрініс табады. Портфельдік тәуекелдер қаржылық, өтімділік тәуекелдері, жүйелік және жүйелік емес деп жіктеледі. Банктер, АҚ-дар, кәсіпорындар, сонымен қатар біріккен банктердің қарыздық құралдары көп болған сайын олардың акционерлері мен құрылтайшылары үшін қаржылық тәуекел жоғары болады. Сонымен бірге қарыздық құралдар маңызды, әрі пайдалы қаржыландыру көзі болып табылады, себебі көбінесе қосымша бағалы қағаздар тиражын шығару және сатудан арзанырақ болады.

Өтімділік тәуекелі - бұл қаржылық активтердің жедел қолма қол түрге айналу қабілеттілігі. Орталық биржаларда акциялары айналатын ірі және беделді өндірушілер мен банктердің мұндай тәуекелі барынша төмен. Шағын фирмалар – жаңадан құрылғандар, венчурлық фирмалар

бұл жағынан қауіптірек жағдайда болады. Берілген жағдайда делдалдарды таңдауға ерекше мән берген жөн. Қаржылық делдалдардың негізгі түрлері, олардың құқықтары мен міндеттерінің ерекшелігі банктің іскерлік белсенділігіне үлкен әсер етеді. Олардың дұрыс таңдалуы тәуекелдің барлық түрлерінің деңгейіне ықпал етеді.

Жүйелік тәуекел акцияларға бағалардың өзгеруіне, олардың табыстылығына, ағымдағы және күтілетін облигациялар бойынша пайызға, жалпы нарықтық ауытқулардың әсерінен болатын қосымша пайда мен күтілетін дивиденд мөлшеріне тәуелді. Ол пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелін, жалпы нарықтық бағалардың өзгеру тәуекелін және инфляция тәуекелін біріктіреді. Барынша дәл болжауға болады, себебі акцияның биржалық бағамы мен жалпы нарық жағдайы арасындағы байланыс (корреляция) тығыздығы үнемі және сенімді түрде әр түрлі биржалық индекстермен тіркеліп отырады.

Жүйелік емес тәуекел нарық жағдайына тәуелді емес және нақыз кәсіпорынның, бантің ерекшелігі болып табылады. Ол салалық және қаржылық болуы мүмкін. Жүйелік емес портфельдік тәуекел деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар қаржылық ресурстарды салудың балама салаларының болуы, тауарлы және қор нарықтарының конъюктурасы және басқалар болып табылады. Жүйелік және жүйелік емес тәуекелдердің жиынтығын инвестициялар тәуекелі деп атайды.

Жалпынарықтық бағалардың құлдырау тәуекелі – бұл қандай да бір қаржылық активтер бойынша алынбай қалатын табыс. Көбінесе ол бағалы қағаздардың құлдырауымен бірге болады.

Инфляция тәуекелі – бұл салалардың өмірлік циклімен байланысты анықталатын тәуекел. Салалардың дамуына әсер ететін негізгі факторлар келесілер:

а) бір жағынан әлемдегі, жеке аймақтар, елдер, нарықтар бойынша жалпы экономикалық тұрақсыздықпен, екінші жағынан, ресурстарға бағаның өсуімен байланысты экономиканың бағытының өзгеруі;

б) өткізудің ішкі және әлемдік нарықтарындағы сұраныстың өзгеруі;

в) өркениеттің жалпы тарихи дамуы.

Несиелік тәуекел. Тәуекелдің бұл түрі бірдей деңгейде банктерге е, сонымен бірге клиенттерге де қатысты және өнеркәсіптік (өндірістің құлдырау ықтималдығымен немесе белгілі бір саланың өнімінің сұранысына байланысты) болуы мүмкін; реттеу мен жеткізу тәуекелі қандай да бір себептермен келісім шарттық қатынастардың орындалмауымен шарттастырылған: ресурс түрлерінің трансформациясымен байланысты, және форс мажорлы жағдайлар тәуекелі.

Қарыз алушыларға несие беру тәуекелі берілетін несиенің түрін байланысты. Несиені беру мерзіміне байланысты қысқа, орта және ұзақ мерзімді; қамтамасыз ету түріне байланысты – қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген, бұлар өз кезегінде персоналды және банктік бола алады; кредиторлардың ерекшелігіне байланысты – банктік, мемлекеттік, коммерциялық (фирмалық), сақтандыру компанияларының және жеке тұлғалардың несиелері, клубтық (кредиторлар санышектеулі) және ашық (оған кез келген банк немесе кәсіпорын қатыса алады) деп құрамдастырылатын консонционалды; дебиторлар түріне байланысты – ауыл шаруашылық, өнеркәсіптік, коммуналдық, персоналды; пайдалану бағытына байланысты – тұтынушылық, өнеркәсіптік, айналым қаражаттарын қалыптастыратын, инвестициялық, маусымдық, уақытша қаржылық қиындықтарды жою үшін, аралық, бағалы қағаздармен операциялар үшін, импорттық және экспорттық; көлемі бойынша – шағын, орта, ірі; ұсыну тәсілі бойынша – вексельдік, ашық шоттар көмегімен, маусымдық, консигнация.

Несиеудің тәуекелін азайтудың негізгі әдісі қарыз алушылардың несие және төлем қабілеттіліктерін талдау болып табылады. Сонымен қатар банк кепілдік талап ете алады. Банкке кепілдік сапасын, оның өтімділік деңгейін, оның нарықтық құнымен несие көлемі ара қатынасын бақылау қажет.

Транспорттық тәуекел. Транспорттық деп аталатын тәуекелдер өз тарапынан қызығушылық туғызады. Олардың алғашқы жіктелуі Парижде (1919 ж.) келтірілген және ИНКОТЕРМС-тің бастапқы ережелері жарияланғанда Халықаралық сауда палатасымен сәйкестендірілген (1936 ж.). Соңғы түзетулерден кейін (1990ж.) түрлі транспорттық тәуекелдер жауаптылығы және деңгейі бойынша төрт E, F, C, D топқа жіктеледі.

E тобы бір оқиғаны қарастырады, - жеткізуші (сатушы) тауарды өз қоймасында ұстағанда (Ex\York). Жеткізуші және оның банкі сатып алушы тауарды қабылдағанға дейін тәуекелді өзіне алады. Сатушы ғимаратынан соңғы бекетке дейінгі аралықтағы тасымалдау тәуекелі сатып алушы мен оның банкімен қабылданады.

F тобы тәуекелді табыстау сәтін реттейді (белгіленген жерде, белгіленген портта немесе жүкті кеме бортынан түсіргеннен кейін).

C тобына мына оқиғаларды жатқызады: экспортер, сатушы, оның банкі сатып алушымен тасымалдауға келісім жасайды, бірақ өзіне ешқандай тәуекелді қабылдамайды.

Соңғы D тобы барлық транспорттық тәуекелдер сатушыға жатқызылатындығын білдіреді.

Лизингтік және факторингтік тәуекелдер. Лизингтік және факторингтік операциялар, бартерлік және клирингтік келісімдер жасалғанда.

Лизинг – бұл жаңа техника мен технология дамуын қаржыландырудың әдісі, әсіресе таза негізгі капиталдың бөлек элементтерін шұғыл енгізу керек кездегі өзекті құрал-саймандарды сатуды кеңейту, тауарлардың өмірлік циклін қысқарту.

Қазіргі кезде лизинг жоғарғы тәуекелге ие операциялар қатарына жатады. Сондықтан олардан болатын шығындарды мақсатты түрде банктің резервтік қорынан жабу керек.

Лизингтік операциялар жасайтын субъектілер арасындағы қатынас нысанына қарай жедел, қаржылық, қайтарымды, халықаралық болуы мүмкін. Жоғарыда көрсетілген барлық лизинг түрлері тура және жанама, мерзімді және қалпына келтірілетін (револьверлік), таза және толық бола алады.

Факторингтік операциялар бойынша тәуекелдерді төмендету үшін қарызгердің төлемқабілеттілігін талдау, шаруашылық байланыстар мен жеткізушілер арасындағы қарым-қатынас сипатын, төлем құрылымын, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін, оның қанша рет қайтарылғандығын білу керек.

Тәуекел деңгейін есептеудің негізгі тәсілдерінің бірі эксперттік бағалау әдісі көмегімен нақты оқиғада әсер беретін тәуелді және тәуелсіз, сыртқы және ішкі факторларды талдау болып табылады.

Сонымен бірге, коммерциялық банктер практикасында нарықтық экономикасы дамыған елдерде банктік кепілдеме жүйесі кеңінен қалданылады. Кепілдеме операциясына қатысатын банктер санына байланысты тікелей және жанама делдалдық операцияларды бөліп қарастырады.

Әдетте, банктік кепілдеменің негізгі элементтері сомма, шарт және өтеу мерзімі болып табылады. Операция сипатына қарай банктік кепілдеменің (жеткізу кепілдемесі, аванс кепілдемесі, кедендік билік кепілдемесі) сол немесе басқа түрі қолданылуы мүмкін.

4.9 Өзге де банктік тәуекелдердің айрықша белгілері

Банк клиенттерінің ерекшеліктеріне байланысты тәуекелдер.

Банк мәніне қарай – бұл коммерциялық кәсіпорын. «Банк-клиент» өзара байланысының негізгі қағидасы банк кірісін аз шығынмен алу қағидасы және барлық тәуекел түрлерін төмендету қағидасы болып саналады. Шындығында, банк өз капиталымен тәуекелге бара алады (ол

өзінің қызметінде күнделікті тәуекелге барады), бірақ клиент капиталымен және кірісімен бара алмайды.

Клиент мөлшеріне байланысты банктік тәуекел деңгейі. Кәсіпорын мөлшеріне байланысты клиенттер үш топқа жіктеледі – кіші, орта және ірі. Кіші және орта қарызгерлер аса икемді келеді, клиент пен нарық сұранысына жылдамырақ жауап бере алады. Олардың құрылымы өзінің іскерлік белсенділігінің бағытын тезірек өзгертуге, жоғары кіріс алуға мүмкіндік беретіндіктен аса оңай болып келеді. Алайда, өз капиталының шектеулілігіне байланысты олар бәсекелестікке, саяси немесе экономикалық сипат өзгерісіне жауап бере алмайды. Ірі кәсіпорындар, керісінше, аса инертті болып келеді. Олар нақты тұтынушы мен нарық сұранысындағы өзгерістерге онша жауап бермейді. Олар өзінің іскерлік белсенділігінің бағытын жиі өзгерте бермейді, бірақ ауқымды өз қаражаттарын иеленеді және көптеген жағымсыз экономикалық жағдайларға «шыдай» алады. Және әрқашан дерлік орташа кіріс пен рентабельдікті қамтамасыз етеді.

Банктік тәуекелдің деңгей аралық байланысы және түрлі меншікке клиенттердің тиістілігі. Түрлі меншікке тиістілігіне байланысты өндірушілер келесі топтарға бөлінеді – мемлекеттік, жеке, кооперативтік, акционерлік. Соңғы екеуі біріккен (трансұлтты) және моноұлтты болуы мүмкін. Осыған байланысты түрлі тәуекелдер өздерінің қызмет ету үдерісінде үлкен және кіші мәнділікке ие болады. Активтік және пассивтік операциялар арасындағы оңтайлы қатынасты иеленіп, өзінің өтімділігін және рентабельдігін қажетті үздіксіз қызметті деңгейде ұстап тұратын портфельді жинақтау банктің негізгі қызметтерінің бірі.

Банктік тәуекелдерді реттеу қарызгердің қаржылық жағдайын бағалауға негізделмеу керек, берілген несиелер соммасы мен банктің өз құралдарының арасындағы нақты белгіленген қатынаспен тағайындалу керек, яғни клиент жойылған жағдайдағы банктердің мүмкін болатын шығыстарды жабуға резервтік әлеуетті құру көзделеді. Нормативтердің сандық сипаты экономика жағдайына және банктік жүйенің орталықтану деңгейіне шартталған.

АҚШ үкіметі алдындағы өз міндеттемелерін өтемеген және Халықаралық валюталық қорға мүше емес елдерге несиені беруге тыйым салатын Джонсон заңы (1934 жылдан бері) деп аталатын АҚШ-та заң қабылданған.

Коммерциялық банктер өзінің тәуекел деңгейін талдап және қалай басқару керектігі тек нақты жағдайларға ғана тәуелді болады.